

#25-26

(961-962)
1 қыркүйек
2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

t Jasqazaq

f Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz



♥ BRENT \$84.45

♥ USD 460,4 T

♥ EUR 498 T

♥ RUB 4,71 T

**«АТА ЗАҢ –
МЕМЛЕКЕТТІЛІГІМІЗДІҢ
МЫЗҒЫМАС ТІРЕГІ ӘРІ ЕЛІМІЗДІҢ
САЯСИ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ҚҰРЫЛЫСЫН, АЙНЫМАС
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ДАМУ
ЖОЛЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ
БАҒЫТ-БАҒДАРЫН
АЙҚЫНДАЙТЫН БАСТЫ
ҚҰЖАТЫМЫЗ».**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан жұртын Конституция күнімен құттықтап, жалпыұлттық референдум арқылы жаңартылған



КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАДА ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНА БАСА МӘН БЕРІЛДІ

Конституция ұлтты ұйыстырудың нағыз символына айналғанын атап көрсетті: «Негізгі заңымыз елдің саяси жүйесін демократияландыруды, заң үстемдігін қамтамасыз етуді және халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейтін ауқымды өзгерістердің берік тұғыры саналады. Конституциялық Соттың құрылуы – осындай институционалды реформаның бірі. Бұл құрылым азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қорғалатынына әрдайым кепілдік беретін Ата заңымыздың рөлін мейілінше арттырды».

Мемлекет басшысы Конституция күні қарсаңында арнаулы мандатқа ие омбудсмендермен және құқық қорғау құрылымдарының өкілдерімен кездесіп, елімізде жүргізілген ауқымды конституциялық реформалардың нәтижесіне тоқталған болатын. «Ата заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мемлекетті басқару моделін жаңғыртуға негіз болды. Конституциялық реформа барысында құқық қорғау саласына баса мән берілді», - деген Президент азаматтардың Конституциялық Сотқа тікелей жүгінуге мүмкіндік алғанын атап өтті. Мәселен,

Конституциялық Сот биылғы жылдың алғашқы 7 айында 43 істі қарап, соның ішінде 23 іс бойынша тиісті шешім шығарған.

Президент азаматтардың омбудсмендермен қарым-қатынасы жандана түскенін айтып, адам құқықтарын қорғау жүйесі өкілдеріне бірқатар міндет жүктеді: «Азаматтардың құқығы бұзылуына жол бермеу және алдын ала болжау тетігін жетілдіру керек. Көп жағдайда бұл міндеттің табысты орындалуы азаматтық қоғаммен тығыз қарым-қатынас жасауға байланысты. Құқық қорғау институттары өз төңірегіне сарапшыларды, үкіметтік емес ұйымдардың мамандарын шоғырландыруы тиіс. Сіздер мен құқық қорғау қауымдастығы арасында ашық диалог дамуы керек».

Президент Конституциялық Соттың жұмысын одан әрі жетілдіруге баса мән беру керектігін атап көрсетті. Конституциялық Соттың шешімдерін ескере отырып, оларды заң жүзінде бекіту маңызды. Сондай-ақ Парламент пен Конституциялық Сот тығыз байланыста жұмыс істегені жөн.

Мемлекет басшысы сот және құқық қорғау органдарының жұмысы туралы айта келіп, жұрт

құзырлы органдардан әділдік таба алмаған соң Президент Әкімшілігіне арыздануға мәжбүр екенін айтты. Сондықтан омбудсмендер мен арнаулы мандатқа ие уәкілдер азаматтардың арыз-шағымдарына байланысты шешім шығаруға тікелей араласуы тиіс.

Тағы бір өзекті мәселе бұқараның құқықтық сауаттылығын арттыруға келіп тіреледі. «Көп жағдайда әлеуметтік шиеленіспен масылдыққа құқықтық сауатсыздық себеп болады. Көп адам құқықтық тұрғыда өз мүддесін қорғауды, қолданыстағы заң нормаларына сүйенуді білмейді. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтары көбіне ақпараттық ресурстар мен заң көмегі қолжетімсіз шалғай аймақтарда бұзылады. Ауыл тұрғындары басқа мәселелерге қарағанда, жерді пайдалану, жайылымдарды бөлу, инфрақұрылымдардың қолжетімділігі мен сапасына қатысты мәселелерді жиі көтереді. Құқықтық насихат бағытындағы сіздердің күш-жігерлеріңіз ауыл мен қала тұрғындарының мүмкіндігі арасындағы алшақтықты дәйекті түрде қысқартуы тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

ҰМЫТПАСАҚ, БҰЛ МӘСЕЛЕ ТЕЛЕДИДАРДА АТЫС-ШАБЫС КИНО КҮНДІЗ-ТҮНІ КӨРСЕТІЛЕТІН «ЗАМАНДА», ЯҒНИ ЕКІ МЫҢЫНШЫ ЖЫЛДАРДЫҢ ОРТАСЫНДА АЙТЫЛА БАСТАҒАН. ОЛ КЕЗДЕ ҚАҒАЗ ГАЗЕТ КӨП ШЫҒАТЫН, ҚАЛЫҢ БҰҚАРА ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ ЖАЗДЫРЫП АЛЫП ОҚИТЫН. «КӨГІЛДІР ЭКРАНДА БІР-БІРІН АЯУСЫЗ ӨЛТІРІП, ҚЫРЫП САЛАТЫН ШЕТЕЛДІҢ КИНОСЫ ҚАПТАДЫ. МҰНЫ КӨРГЕН БАЛА ЕРТЕҢ ҚАТЫГЕЗ ҚАНЫПЕЗЕРГЕ АЙНАЛМАЙ МА?!» ДЕГЕН ТАҚЫРЫПТА МАҚАЛА КӨП ЖАРИЯЛАНАТЫН.

Теледидар тәрбиелеген сол балалар бүгінде есейіп, алды жігіт ағасы болды. Жазарман қауымның айтқаны келді ме, оған зерттеу жүргізген ешкім жоқ. Әйтсе де, адамға адамның зақым келтіруі, тіпті шыбын құрлы көрмей өлтіре салуы оңай болып кеткені шындық. Оған құқық қорғаушылардың күнделікті ақпарына көз салсақ, жетіп жатыр.

Кешегі теледидарға телміргендердің ұл-қыздары бүгінде интернеттің ішіне «кіріп кеткен». Бесіктен белі шықпай жатып қолы смартфонға жабысып қалған баланың нені тамашалап, нені үйреніп жатқанын бір өзі біледі! Себебі оны бақылайтын ата-ананың өзі ғаламторға шырмалған.

Сондықтан жас буынның тәрбиесіне мән беріп, зорлық-зомбылыққа қарсы стратегияны шұғыл түрде жүзеге асырмаса болмайды.

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі «Өзекті» YouTube-каналындағы сұхбатында осы мәселені қозғады. «Соңғы кезде қоғамның қатыгезденіп бара жатқаны алаңдатады» деген министр мынадай дерек келтірді: соңғы алты айда елімізде 252 қымыстық іс тіркелген, соның көбі жастардың арасында болған. 219 зорлық-зомбылықты насихаттайтын контент анықталған. Дархан

байқамай, WhatsApp арқылы таратамыз. Мысалы, қыздардың немесе ер балалардың бір-бірін аяусыз ұрып жатқаны туралы видеолар шарлап жүреді. Ал сол қатыгездікті экрандағы қатыгездіктің туғызатыны белгілі», – деді Дархан Қыдырәлі.

ЗАУАЛҒА ҚАРСЫ КҮРЕС КІШКЕНТАЙ ҚАДАМНАН БАСТАЛАДЫ



Қыдырәлі осы сұхбатында телеарналарда ережесіз жекпе-жек сияқты спорт түрлеріне шектеу қойылатынын айтты. Өйткені мектеп оқушылары арасында ММА әдістерін қолдану әрекеттері жиілеп кеткен.

«Телеарналарда зорлық-зомбылықты азайту мақсатында ережесіз жекпе-жек сияқты спорт түрлеріне де шектеу қойып жатырмыз. Себебі көп жағдайда ондай бағдарламаларды көрген жеткіншектер, әсіресе, мектеп балалары сол әдіс-тәсілдерді қолдану мақсатында кейде бір-біріне қол көтереді. Біз оны кейде

Әлбетте, күллі адамзаттың ой-санасын жаулаған ғаламторға шектеу қою – шетін іс. Дегенмен қоғам дертін, соның ішінде зорлық-зомбылықты еңсеру осындай кішкентай қадамнан басталады емес пе? Ертеңгі күні, бәлкім, бетімен кеткен әлеуметтік желіні ауыздықтайтын да күн туар. Бізде бұл бағыттағы бірінші қадам деп блогерге салық төлету туралы заңды айтуға болады. Блогер енді жалған ақпарат таратқаны үшін де жауап беретін заң қыркүйекте күшіне енеді.

Ал қырғыз ағайындар тіпті де «қатты кетті». Қырғызстанның мәдениет министрлігі TikTok-ты бұғаттау қажет деген шешімге келіпті. Өйткені неше түрлі бейнежазбаны көрген жасөспірім соны қайталаймын деп, жазатайым мерт болуы мүмкін. «Баланың психикасы тұрақсыз, енді ғана қалыптасып келеді. Мұндай контент өскелең ұрпақтың санасына кері әсерін тигізеді», – дейді олар.

Қысқасы, орыстың «Бәрі де өз орнына қайтып келеді» («Все вернется на круги своя») деген қанатты сөзі бүгін болмаса да, ертең шындыққа айналатын сияқты.

ЖАУАПТЫ ДА ТАРИХИ СӘТ КЕЛДІ. ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ ЖАҢА ҮЛГІГЕ (МОДЕЛЬ) КӨШУІ ТИІС. ОЛ ДӘЛ ҚАЗІРГІ ДЕҢГЕЙДЕ ҚАЛА АЛМАЙДЫ. МҮЛДЕ ЖАҢА БАҒЫТҚА КӨШУ ҮШІН ОНЫҢ ДАМУЫНА ТЫҢ СЕРПІН БЕРУ ҚАЖЕТ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӨТКЕН АЙДЫҢ БАСЫНДА ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА ЕЛІМІЗДІҢ ЖАҢА ТҰРПАТТЫ ЭКОНОМИКАҒА ҚАРАЙ БЕТБҰРУ ЖӨНІНДЕГІ ПІКІРІН БІЛДІРДІ. ПРЕЗИДЕНТ ОСЫ САЛА БОЙЫНША ОЙ-ПАЙЫМЫ МЕН ҰСТАНЫМЫН БҮГІН ЕЛ ХАЛҚЫНА АРНАЛҒАН ЖОЛДАУДА БАЯНДАЙДЫ ДЕП КҮТІЛУДЕ.

жетуі тиіс. Ұлттық экономика министрлігінің болжамына жүгінсек, алдағы жылы бұл көрсеткіш 5,3 пайызды құрайды. Салыстыру үшін айта кетейік, әлемдік экономиканың өсу қарқыны – 3 пайыз. Бұл – Халықаралық валюта қорының болжамы.

90-жылдардан бастап, бүгінге дейін шикізат өндірісі мен оның

ЖАҢА ТҰРПАТТЫ ЭКОНОМИКА

жақында өткен BRICS (Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүстік Африка) Саммитінде бүгінгі әлемнің саяси қысым, ымырасыз текетірес және зардабы көп санкциямен ерекшеленіп отырғанынын айтты.

Асыра айтқандық емес, ел экономикасы шаруашылық жүргізудегі қиындық пен сыртқы сауда-саттықтың баяулауына әкеп соғатын кедергілерді ойдағыдай еңсере білді. Ең бастысы – мемлекет бюджеттік және әлеуметтік төлемдер бойынша міндеттемесін толық әрі дер кезінде орындады. Жаңа жағдайға бейімделіп қана қоймай, базалық салаларда жетістікке қол жеткізді. Биыл жалпы ішкі өнім өсімі 4,8 пайызға

экспорты отандық экономиканың өзегі болып келеді. Бұл ретте мұнайдың орны бөлек екені әркімге белгілі. Қазынаға түсетін қаржының біраз бөлігін осы «қара алтын» береді. Бюджет тапшылығын толтыра қоятын Ұлттық қор бүйірінің тоқ болуы да соған байланысты. Бағаны биржа белгілейді. Қазақстан әлемдік «қара алтын» өндірісі, сұраныс пен ұсынысты реттеп отыратын ОПЕК+ қауымдастығына қосылды. Алып күштер арасындағы геосаяси текетірес мұның өте сәтті қадам болғанын дәлелдеді. Қазір баға қалыпты. Сарапшылар алдағы жылы мұнай баррелі 80 доллар болады деген ортақ пікірде. Сондай-ақ



Фото: Nur.kz

Мемлекеттің жаңа экономикалық саясат туралы мәлімдемесі қазіргі ахуалмен де, уақытпен де үндес. Ахуал дейтініміз, бұрынғыдай ескі, таптауырын әдіспен, қасаң көзқараспен ілгері жылжу енді қиын. Қасым-Жомарт Тоқаев өндірісті өлкенің тұрғындарымен кездесуде бұл мәселеге қатысты: «Жақында жоғары экономикалық кеңестің отырысын өткіздім. Ашығын айтқанда, сол жиында отандық экономистерді сынға алдым. Менің ойымша, олар істі соңына дейін жеткізе алмайды. Креативтілік жоқ. Біздің және жалпы мемлекеттің алдында тұрған міндеттерді түсінбейді. Халық бізден нақты шешімдер күтеді. Өйткені ең өзекті мәселелерді шешу қажет», – деді.

Уақытқа келсек, геосаясаттың тіршілігі ғаламдық нарықпен тығыз байланысты отандық экономикаға да теріс әсерін тигізуі. Президент



Фото: Gov.kz

мұнайдан түскен қаржы мемлекеттің тағы бір әлеуметтік міндеттемесін орындауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Президент бастамасымен Ұлттық қордағы инвестициялық кірістің 50 пайызы жыл сайын балалардың арнайы есебіне аударылады. Жеткіншектер жер асты байлығының игілігін 18 жасқа толғанға дейін көруі тиіс.

Мұнай саласында инвестиция тарту мен геологиялық барлау жүргізудің маңызы зор. Соңғы жылдары екіншісіне жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбеді. Ал біздегі кейбір кеніштер байырғы. Қоры сарқылып барады. Сондықтан жаңа кеніштерді тауып, игеру қажет. Оның үстіне Қашағаннан кейін Батыстағы ірі инвесторлар біз



Фото: kursiv.kz

жолдары жабылған пандемия мен санкция кезінде қатты сезілді. Баға шарықтап, қарапайым тұрғынның қалтасын қақты. Әйтеуір, Үкімет

көкейкесті міндет. АҚШ, Германия және Жапонияда шағын және орта бизнес экономиканың беломыртқасы екені мәлім. Алпауыт компаниялар емес. Премьер-Министр Әлихан Смаилов жақында Түркістан, Алматы, Жамбыл және Жетісу облыстарының кәсіпкерлерімен кездесуде оңтүстіктегі тұрғындардың іскерлік белсенділігі жоғары екенін тілге тиек етті. Бұл шағын және орта кәсіпкерліктің өркендеуінен байқалады. Осы өңірлерде ауыл шаруашылығы, жеңіл және тамақ өнеркәсібі жақсы дамыған. Үкімет басшысы орта бизнеске арқа сүйейтін кәсіпкерліктің әртараптандырылған экономиканың қозғаушы күшіне айналады деген пікірде.

Даму мен өркендеу халықтың жаппай еңбек етуге деген құлшынысы бар жерде ғана іске асады. Ондай ортада жатыпішерлік психология мен патернализмге орын табылмайды. Міне, сондықтан жаңа экономикалық модельдің тағы бір қағидаты «Балық емес, қармақ бер» болуы тиіс.



Капитал

жаққа ат басын бұрмайтын болды. Есесіне, өзгелер ықылас таныта бастады. Соның дәлеліндей, жуырда «ҚазМұнайГаз» ресейлік «Лукойл» және «Татнефть» компанияларымен Каспийдегі 3 кенішті игеру жөнінде келісімге қол қойды. Жобаның құны – 8 млрд доллар.

Экономиканы әртараптандыру (диверсификация) жаңа модельдің өзегі болатын сияқты. Өйткені, әсіресе, азық-түліктің кейбір түрлері және жеңіл өнеркәсіп бұйымдары бойынша импортқа тәуелділік сауда

шұғыл шара қабылдап, тауар тапшылығына жол берген жоқ. Инфляция өршіген тұста тұрмысы төмен азаматтарды қолтығынан демеп, қолдау көрсетті.

Қазіргі ахуал экономикалық қауіпсіздік пен ішкі нарықтағы бәсекені қамтамасыз етуді талап етеді. Бұл ретте Атыраудағы полипропилен өндіретін үлкен кәсіпорынды да, сүт пен ірімшік жасайтын шағын цехты да жан-жақты қолдау қажет. Әсіресе, орта дәулеттінің қатарын көбейту –

СМАЙЛОВ,
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ШОЛУШЫ

ҚАЗАҚ «БАТАМЕН ЕЛ КӨГЕРЕДІ, ЖАҢБЫРМЕН ЖЕР КӨГЕРЕДІ» ДЕЙДІ. РАС, БІЗДІҢ ХАЛЫҚТА ҚАРИЯЛАР МЕН АНАЛАРЫМЫЗДЫҢ АҚ БАТАСЫ АДАМГЕРШІЛІК АРҚЫЛЫ КҮШ-ҚУАТ, РУХ БЕРЕДІ, ЖАҚСЫ ҚАСИЕТТЕРГЕ ТӘРБИЕЛЕЙДІ. АЛЫС ЖОЛҒА ШЫҒАРДА НЕМЕСЕ ӨМІРДІҢ ОБАЛ-САУАПТАРЫНАН ТҰРАТЫН ӘР ІСІМІЗГЕ СӘТТІЛІК ТІЛЕП, САНАҢДЫ СІЛКІНДІРІП, ОЙЫҢДЫ ТЕРЕҢДЕТІП, ЕЛДІК СҮЙІСПЕНШІЛІККЕ ЖЕТЕЛЕП, АҚ БАТАСЫН БЕРУ-АТА-БАБАМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ДӘСТҮРІ, СӨНБЕС ДАНАЛЫҚ ҰЛАҒАТЫ ДЕП БІЛЕМІЗ. БӘРІНЕН БҰРЫН, ЕКІ ҚОЛЫН ЖАЙЫП, ЖҮРЕК КӨЗІН АШЫП, НИЕТІН НҰРЛАНДЫРҒАН АҚ БАТАНЫҢ РУХЫНДА АДАМ ӨМІРІНІҢ ТАҒЛЫМЫ МЕН ТУҒАН ХАЛЫҚ МҮДДЕСІ БИІК ТҰРАДЫ. ҰЛЫ СЫЙЛАСТЫҚ ПЕН АДАМДЫ АРДАҚТАУДЫҢ БҮКІЛ КИЕСІН ҰҚТЫРАТЫН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АҚ БАТАСЫН КІШКЕНЕ КЕЗІНЕН ЕСТІП, КӨҢІЛІНЕ ТОҚЫП ӨСКЕН БАЛАНЫҢ ӨРІСІ КЕҢ, ӨМІРІ ӨРЕЛІ БОЛАДЫ. АР-ҰЯТ, ҚАРЫЗ БЕН ПАРЫЗДЫҢ БАҒЫН АШАДЫ.

Ақ батаның барлығы да ойшыл, ғұлама, туа бітті даналардың шешендік талантымен шендесіп, әулиелік, ақылман, ақ-адал қасиеттерімен дараланып, сарасөз бен таза пейілдің мұхитындай адамдар жүрегіне толқынды сәуле құйып, жігеріне жігер, ақылына ақыл қосып отырған. Сондай бір ерекше сыйлы, иманды, көзінен тереңдік, жүзінен сес пен айбын ескен батагөй ақсақал айлап алысқа



«ЕЛЕНБЕЙ ҚАЛСА, СОЛ ҚАЙҒЫ НЕМЕСЕ ІЗДЕУШІН ЖОҒАЛМАСЫН!»

кетіп бара жатқан жолаушы кісілерге ақ батасын «Қарақтарым, іздеушің жоғалмасын!» деген сөбен түйін жасайды екен. Бұл ғажайып, сезімтал жүрегіңде мәңгі жатталатын бойтұмар сөзді әулие ата – Қарахан IX ғасырда айтып, бата берген деген аңыз бар. Содан бері «Іздеушің жоғалмасын!» деген сөздің мән-мағынасын таратып айтып, оны өмір сабақтарымен, адамгершілік жолдарымен түсіну мен түйсіну еш уақытта өз мағынасын жоғалтқан емес. Бұл тек ата-ананың бала-шағасы мен ұрпақтар жалғасын, ең зоры – сені еңбегіңе қарай құрметтеу мен қадір-қасиетінді, жақсылығыңды білетін саналы ізбасарлардың

соңыңнан ілесіп, ілтипат көрсете алатын тәрбиесіне де қатысты адамгершілік және қоғамдық мәселе. Бұл мәселеде қазақи тәрбие, ұлттық бітім-болмысымыз, адамға деген мейірімділік, ауылдық, ұжымдық ортақ абырой, қала берді ағайындық намыс пен бірлік, ұстаздық жол адамдардың бір-біріне қарайласуы, жора-жолдастардың бір-бірін іздеп, сұрастырып жүру дағдысы, мемлекет пен қоғамға айрықша еңбек сіңірген зиялы адамдар мен қайраткер кісілерді ұмыт қалдырмай, құрметтеу-тұтас елдік мінез – құлқымыз және моралдық кейпіміз болды. Әсіресе, қилы тағдырлы кезеңдерде де,

бейбіт күндерде де біздің ақын-жазушылар, бүкіл өнер адамдары өз шығармаларында отбасы бірлігін уағыздады. Отбасы адамға балалық шағында, не ауру-сырқауында ғана керек емес, ол оның берекесін келтіретін ұясы, құтты шаңырағы деп санамызға сіңірді. Елжанды ұрпақтар мен тәртіпті, мәдениетті, ардақты адамдар сапалы білім мен дәстүрлі тәрбие жұмыстары арқылы қалыптасты. Бұл өзгермейтін ұстаным және жас ұрпақты бағып, қағып өсіретін дәстүрдің түпқазығы болды.

Алайда нарық жағдайындағы заманда қоғамдағы қарым-қатынастарда өмір салтына өзгерістер еніп, біздің кейбір құндылықтарымызға басқаша көзқарас пайда бола бастады. Ол қандай өзгерістер дейтін болсақ, ең алдымен адам сыйлау, үлкенді үлкен екен деп ізет көрсету, кішіге ілтипат білдіру, парызды қасиет тұту, әділдікке араша түсу, ардақты адамды лайықты құрметтеу секілді жақсы қасиеттерімізден кейде аздап болса да айырылып бара жатқан жоқпыз ба?! Біз бір-бірімізді іздемейміз, салқындау көңіл-күйдеміз, бұрынғыдай көрші-қолаңмен емен-жарқын араласа бермейміз. Ағайын-туысқанның үйлеріне шақырмаса, есігінен сығаламаймыз... қазір жиын-тойға «Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, достар!» деген бірізді, жалпылай жазылған шақыру қағаз сізге телефон байланысы арқылы жіберіледі. Бұған да жұрт үйрене бастады. Еш сөкеттігі жоқ. Ә, иә, тойға келер-келмейтінің тағы сұралады. Бұл да ұқыптылық. Қалай ойлайсыз, капитализмнің қатал талабына еніп, жауапкершілігі шектеулі серіктестікке ме, тек осылай өз білгенімізбен өмір сүріп жатырмыз ба? Сол дұрыс па? Ешкім қай дәуірде болмасын қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Ұлы Абай «Адамзаттың бәрін сүй бауырым

деп» айтқан ақылы зор адамгершілік пен сүйіспеншілік, құшағы ашық бауырмалдық туған жер мен туған еліңнің көсегесін көгертіп, ырыздық-дәулеті молайып, бақытты жұрт ететін баға жетпейтін ұлттық құндылық екенін ескерткен. Біз туған Отанымыздың мақтанышы болған ұл-қыздарымызды, тарихи тұлғалар мен руханияттың ең таңдаулы өкілдерін барлық уақытта төрге шығарып, сыйлап өтуіміз керек. Қоғамдық ой-санаға да әділдік орнауы тиіс. Жасыратын несі бар, қазір тұлға тану, зердені жаңғырту, тарихи оқиғалардың мәніне зейін қойып, жан-жақты ұғыну жағы кемшін. Адамдар кітап оқымайды, газет-журналды ашып қарамайды, теледидарға көз салмайды, көркем фильмдерді көрмейді... деген ыңғайда жиі естіліп, жазылып жүрген жағдайлардың салдары қоғамның руханиятына, жас өскелеңнің тәрбиесіне, әрине, кері әсерін тигізеді. Бұл арада қаптаған қоғамдық ұйымдар да өз жұмыстарын тек тендр ұтып алумен шектемей, ел ішінде мақсатты әңгіме жүргізіп, ширата түсуі де тәртіп, міндет болуы керек. Әйтпесе, адамдар қазір ешнәрсеге қызықпайды, кездесулерге ықылассыз барады, мектеп оқушылары концерт көрмейді, жаңа кітаптардың тұсаукесеріне бармайды деп сарнай беретін түріміз бар, бүйте берсек, берекеміз кетеді. Кезінде халық жазушысы Шерхан Мұртаза ағамыз «Еңбегің сіңбесе бір сәрі, ел алдында ересен еңбегің бола тұра, көзің жұмылған соң кешегі көз көргендер сені елемей ұмытып кетсе – сол қайғы» дей отырып, қазақ спортының дамуына ерекше түрде үлес қосқан мемлекет қайраткері Кәркен Ахметов, спорт басылымының бас редакторы Спатбек Төребеков, қазақ спорт журналистикасының негізін қалаушы Сейдахмет Бердіқұлов және атақты боксшы Мақсұт Омаров секілді

арыстардың құрметіне жарыстар өткізіп, еске алып тұрудың маңыздылығын жазған болатын. Бұл бір ғана салаға қатысты емес... Шераға соны меңзеген. Қазақ «Қолда бар алтынның қадірі жоқ» дейді. Бір кем дүние. Сондай-ақ «Қарнымның ашқанына емес, қадірімнің қашқанына жылаймын» деп те айтылатын есті нақыл бар. Біз осы екі сөз тіркесінен-ақ аңғаратынымыз көп, әлбетте, бір қарағанда астарлы әрі ащылау естіледі. Жақсы адамдар күнбе-күн жанымызда жүр. Біз солардың қадіріне жете алып жүрміз бе? Әлде, әркім өз-өзімен әлек пе? Қазақ қоғамына бір кісідей адал қызмет етіп, ірілердің інісі болуға жарап, жеке кісілік ұлылығымен әдеби-мәдени ортада абыройлы, шығармашылық таланты мойындалған, халықтың сөзін сөйлеп, адалдық қасиеттерімен, білікті қарым-қабілетімен беделді талай қайсар азаматтар мен зиялы қауым өкілдерін жете танып, оларды өз деңгейінде құрметтеп жүрміз бе? Біз неге көрнекті ақыл-ой иелері мен тағдыры қызық танымал жандардың өнегелі өмірін, ғибраты мол ғұмырын, мемлекетшіл үлгісін және қаламгерлік ізденістерін жастар тәрбиесіне пайдаланбаймыз? Мәселен, жақында қазақ журналистикасында өзіндік қолтаңбасы бар журналист, жас қаламгерлер үшін өз мектебін қалыптастырған тарланбоз, кісілігі мол елағасы Мамадияр Жақып ағамыз 85 жасқа толды. Әлі күнге дейін сергек, зейінді ұстазымыз. Бірнеше толқынның алғысын алған азаматтың осы бір белесіне дейінгі өмірі тұнып тұрған шежіре, сырға толы жұмбақ. Мұны қаламдас ағайын өте жақсы біледі. Жетпіс бес жасына дейін тұрақты сұранысқа ие болған ол «Егемен Қазақстан» газеті редакциясында ең ұзақ қызмет еткен журналист. Жарты ғасыр бас газеттің шамын жақты. Бір ғана «Дүбірлі



редакторы – Мамадияр Жақыпов. Үстемдікті үркіткен сурет және «Огни Алатау», «Коммунизи туғи» газеттерінде де басылған. Алайда қазақ басылымының бас редакторы «осы батылдығы» үшін ең ауыр жазаны алды. Жұмыстан қуылды, партия қатарынан шығарылды. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Г. Колбин бюро мәжілісінде «Жақыповты идеологиялық жұмыстың маңайына жолатуға болмайды» деп қатаң тапсырма береді. Сөйтіп Қаскелең аудандық баспаханаға корректорлық жұмысқа жіберіледі. Қиянат пен сұмдық әділетсіздікті бастан өткерген Мамадияр аға бәріне де

әдеби кітаптың авторы атанды. Қоғам алдында сіңірген еңбегін пұлдап, мазалап жатқанды өзі де жақтыра бермейді. Бірақ... адамның өмірі адаммен ғой. Қадірін білген қандай жақсы. Қарт қаламгерді қуанышты төл мерекесі күндері жергілікті билік пен шығармашылық одақтары, басқа да жанашырлық танытуға тиісті орындар бір ауыз жылы сөз айтса да жарасымды болмас па еді-ау! Адам сыйлауды және ізгілікті болуды біз Мәкеңнен үйреніп едік... Негізі мәдениет пен жастардың қаласы Алматы мен жаңа елорда Астанада және облыс орталықтарында тұратын зиялы қауым өкілдерін қоғам өміріне араластырып, бай тәжірибесін

дүние» айдарымен ел тәуелсіздігінің жылдарында 2,5 мыңнан астам мақаласы жарық көрді. Халықаралық саяси шолушы болды. Қазақстанда тұңғыш рет «Ұлылыққа тағзым» жаяу сапарлар ұйымдастырып, өзі жол бастап, ұлыларымызды ұлықтау мақсатымен Абай, Жамбыл, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Ғабит Мүсіреповтардың мерейтойларына орай сол той өтетін өлкеде жүздеген шақырымды артқа тастап, жергілікті халықпен мәдени кездесулер өткізді. Экспедиция құрамына әйгілі жазушылар, журналистер, зерттеуші ғалымдар және қоғам белсенділері болды. Одан әрі бұл сапарлары ұлт мақтаныштары Сүйінбай, Махамбет және Шәкәрімнің мерейтойларына орай жалғасын тапты. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушы Қайрат Рысқұлбеков және оның серіктестерінің Жоғарғы Сот залында өлім жазасына кескен үкімнің өзін қасқайып тыңдап тұрған суреті естеріңізде ме? Бұл – тарихи сурет. Сол күндері республикалық телеграф агенттігі түсірген суретті Алматы облыстық «Жетісу» газеті 1987 жылы 19 маусым күнгі шыққан нөмірінде жариялаған болатын. Бас

«ЕЛЕНБЕЙ ҚАЛСА, ІЗДЕУШІН»



шыдамдылық көрсетті. Ер екен! Төзімді екен! Қазақтың Шерағасы «Егемен Қазақстан» газетіне басшы бола салысымен Мамадияр ағаны алтын ұясы «Егеменге» қайта оралтып қана қоймай, бөлім редакторлығына тағайындады. Мәкеңнің мерейі одан әрі өсті. Барша қаламгерлер ол кісіні керемет адамгершілік қасиеттері мен кәсіби таланты үшін төбесіне көтерді. Қаламгер осы жылдары төрт таза

тарату, оларды түрлі іс-шараларға тарту біршама орныққан және мүмкіндік жағынан артықшылықтары бар. Ал ауылда ше? Ауыл – ел бесігі, қазақтың тамырын тереңге жайып, жайқалған құтты мекені. Адамдардың әне бір жылдағыдай қалаға қарай жөңкіле көшуі қазір оңтүстік өңірде саябырсығаны байқалады. Айшықты, сәулетті ауылдардың қатары көбейсе, арман-мақсатын

арқаланып, балалық шағының қимас ізі қалған туған ауылына қарай тартып кететін азаматтар аз емес. Сағындырған, сағынтқан ағайын-бауыр бар деп. Жақында білдік, көрнекті жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жұмабай Шаштайұлы шулы қаладан жусанның иісі бұрқырап, табиғаттың сан түрлі бояуына малынған туған ауылына көшіп, бірнеше жылдан бері сонда тұрып жатыр екен. Ақындар мен батырлар елі өз жампозы Жұмабайының қаршадайынан еңбекке араласқан, жалын атқан жастық шағын да, ат жалын тартып мінген отты күндерін де, тұлпар мініп, туұстар мен сөзұстар мәртебесін де жете білетіні даусыз.



Фото: qalamger.kz

«Жас Алаш», «Егемен Қазақстан» газеттерінде шыңдалып, халықаралық «Заман-Қазақстан» газетін басқарған жылдары басылымның мазмұндық сипаты жаңа деңгейге көтерілді. Ал ұзақ жыл «Қазақ әдебиетінің» бас редакторы қызметінде өзіндік бағыт-бағдар, стиль және өткір мәселелерді қозғау мәнерінде өзінің қайраткерлік зор қарым-қабілетін, сөз өнеріне деген адалдығын танытты. Қазақ телевизиясының алтын қорында сақталған «Үзеңгі жолдас» хабарының авторы және жүргізушісі болғаны да ойымызда. Қысқасы, көрнекті қаламгер, белгілі қоғам қайраткері Жұмабай Шаштайұлы қазақ оқырмандары

үшін «қолда бар алтын» дәрежесінде әйгіленгені және оның туған ауылында тұруға шешім қабылдағаны – ер мінезді, адал жүректі, нағыз шығармашылық кісінің тосын әрі сүйінішті тірлігі. Талай-талай

талантты шәкірттер мен ізбасарлар тәрбиелеген журналист-жазушының бұл ізгі қадамы жұртына да құт болсын деп тілейік. Ел ішінде жүрген ақыл-ой, шығармашылық иелеріне құрметпен қарайық. Өмір деген – жол үсті. Жылқы мінездес халықпыз ғой, кейде тәкаппармыз, керекті дүниені елеп, ескере бермейміз... Қоғам мен замандарда біздің азаматтардың бір-бірінің қадірін жете біліп, бір-бірінің ілтипатты іздеушісі, тіптен жоқшысы болуы шынайы бауырмалдық қасиетімізге сын және байырғы ата-бабаларымыздың ақ батасының тура жолы емес пе?

СОЛ ҚАЙҒЫ НЕМЕСЕ ЖОҒАЛМАСЫН!»

Фото: altynqor.com
«Үзеңгі жолдас», 2002-2005 жж.

Қолға түсе бермейтін құтты қонақтың нақ өзі дейтін Жүмекеңдер туған жұрты үшін интеллектуалды тұлға, мәдени өмірдің таза өкілі, қадірлі қаламгер, осы заманның танылған және қоғамдық ойдың иесі. Алатаудың аясында, айқайласа дауыс жететін сүйікті ауылы ару Алматы қаласынан жетпіс шақырым екен. Онша алыс емес. Десе де «Біздің ауылда әйгілі жазушы тұрады» деген сөздің өзі бақытты

өмір ұшқындарындай сезіледі. Мәдениет лебі есіп, кісіліктің есігі мен босағасына кие дарығандай әсерлі-ақ. Қазақ әдебиетіне «Аспанқора», «Шал мен жылқы», «Құралайдың салқыны», «Біздің заманның Аязбиі», «Қызыл қар» роман-повестері арқылы елеулі үлес қосып, жазушылықтың биігіне шыққан Жүмекеңнің ұлттық журналистикадағы қызметі өз алдына бір бөлек. Республикалық

**Мейрамбек
ТӨЛЕПБЕРГЕН,**
қоғам
қайраткері



**ОЙҒА ҚОНҒАН ОЙ ӨЛМЕЙДІ.
АЛ ОЛ ТАСҚА БАСЫЛЫП,
КІТАП БОЛЫП ТАРАСА,
ҰРПАҚТАН ҰРПАҚҚА ЖЕТЕТІН
ҚҰНДЫЛЫҚҚА АЙНАЛАДЫ.
ҚОЛЫМЫЗҒА ТИГЕН КӘСІБИ
ЖУРНАЛШЫ СЕРҒАЗЫ
МҰХТАРБЕКТИҢ «ОЙТҮЙІН»
АТТЫ ЖИНАҒЫ ОСЫНЫ
АҢҒАРТТЫ.**

Мейлінше ыңғайлы форматтағы кітапта әдеттегідей өмірбаян өбектеліп, атқарған қызмет тізбеленбеген. Алпыстан асқан жасын бұлдап, ақыл айтып оқырманды мезі қылмайды. Ой толған отызынан бері қоғамға, баршаға әділеттілік пен шындық хақында жазып келе жатқан замандасымыздың азаматтық ұстанымы да осал емес. Өзекті!

Шығармашылығының мәуелі шағында жазған-сызғанын бір кітапқа тоғыта салмай, ішінен сұрыптап асылын, інжу-маржанын ғана ұсыныпты. Нақтырақ айтсақ, кең ойлап, кемін де өзі айтуға машықтанған баспасөз білгірі Серғазы Сүндетқазыұлы уақыт сынынан өткен қанатты сөздерін нақыл нобайында түйіндеген. Әрине, атан түйеге жүк болатын пайымдары мен терең тұжырымдарын бір ауыз сөзге сыйдыру оңай емес. Кез келген қаламгерге шеберлік қажет-ақ, бірақ өзіне сын көзбен қарау – одан да ділгір. Ол үшін оқу-тоқу аздық етеді, өмірдің ащы-тұщысын татып, тіршілік мәнін ұғып, түрлі кеден-кедергіге төтеп бере алатын ерік-жігер, күш-қуат, әлеует пен зерде керек.

Мәселен, автордың мына байламдары зейінді адамның ойына қозғау салмай қоймайды:

«Арыстан ақырмаған алқапта шибөрілер шулай бастайды»,
«Бірінші кезекте керегінді емес, қажетінді алуды үйрен»,



ОЙ САЛАТЫН КІТАП

«Кешірімді адамның қуаты сарқылмайды»,

«Ажалды адам жеңгенде ұрпағымен жеңеді»,

«Сенің қолыңда барды әлдекім Тәңірден сұрап жете алмай жүргенін ұмытпа»,

«Ақиқатты айту үшін аз сөз жеткілікті. Өтірікші ғана көпіріп көп сөйлейді»,

«Терең ойлы адам қарапайым тілмен және қысқа сөйлейді. Ойсыз адам сәуірде көкке шыққан мал сияқты әр нәрсенің басын шалып, шата береді»,

«Барды қанағат тұтқан адам – бақытты»,

«Ойларыңа ие бол. Болашақ қадамдарың ойларыңнан бастау алады»,

«Жақсы ойлар – жақсы көңіл-күйдің бастауы. Ойыңды тазаласаң қайғы-мұң әдірем қалады»,

«Мазарлар қайтқандар үшін емес, қайтқан пендені еске алатындар үшін тұрғызылады»,

«Қалам қылыштан өткір»,

«Басынан өтпеген адам басқаның айтқанын түсінбейді»,

«Өмірдің әр сәті – мүмкіндік, бос өткізіп алма» – нағыз маңдайшаға

жазып қоятын сөз».

Сондай-ақ қызғаныш, күншілдік, күдікшілдік, өзге де жағымсыз қасиетке байланысты оқшау ойлары әбден екшеленіп, қағазға түскен сияқты. Қайткенде де дәуірден заманның, атадан баланың ойы өзге болуында бір заңдылық бар. Өйткені кезеңдер алмасқанда қоғамдық-саяси құрылыс, құндылықтар ғана емес, адамдардың қарым-қатынасы

да, талғам-түсінік те өзгеріске ұшырайды. Тек көптің ойына

қозғау салатын

ұлы мәртебелі

кітап қана

құндылықтың

жиынтығы,

халықтың

қазынасы

ретінде қызметін

жалғастыра

береді. Ол

ата мұрасын

бүгінгі және

келер ұрпаққа

аманаттап

жеткізеді.

Сондықтан, біз теңіздей ой-толғамының

тамшысын

замандастарына ұсынған Серғазы

Мұхтарбектің қанатқақты

туындысын байыптап, автордың

терең пайымы мен түзік пікіріне,

жүйелі бағдары мен сындарлы

талғамына қалың оқырманның

ризашылығын жеткіземіз.

Жазар көбейсін, сүйіншілейтін жандар молайсын!



ДАРХАН МЫҚБАЙ,

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

**БІР НӘРСЕГЕ БІР НӘРСЕ СЕП, ТҮРТКІ БОЛАДЫ. ОСЫ
ЖАЗБАНЫ ӨЗІМ СЫРТЫНАН АЙРЫҚША ҚАДІР КӨРЕТІН
КІСІНІҢ БОЙЫНДАҒЫ БІР ҚЫЗЫҚ ДАҒДЫ ЖАЗДЫРДЫ.**

**ҒҰМЫРБАЯНДЫҚ ДҮНИЕЛЕРДІ ОҚУҒА ҚҰМАРЛЫҚТЫҢ
ӘСЕРІНЕН БЕ БІЛМЕЙМІН, МЕНІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН
БӨЛЕК, БЕЛГІЛІ АДАМДАРДЫҢ БОЙЫНДАҒЫ БЕЙМӘЛІМ
ҚЫРЫ МЕН СЫРЫ, ҚЫЗЫҚ ДАҒДЫСЫН БІЛУ КӨП
ҚЫЗЫҚТЫРАТЫН. ҚЫЗЫҚТЫРЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ТҮРЛІ
ОЙҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ.**

БЕЛГІЛІ АДАМДАРДЫҢ БЕЛГІСІЗ ҚЫРЛАРЫ



Ойға серпіліс берер, мына бір таңсық тақырыптан бастайын. Табиғаттың ең тартымды төлі сірә, құс болар. Еуропаның, орыстың ірі ғалымдарын, әсіресе, шығармашылық адамдарын бұл тақырыптың ынтықтырмаған, өзіне магниттей тартпаған кезі жоқ. Дарвин адамдарды айтпағанда, құстарды табиғаттағы тірі тіршілік иесінің ішіндегі ең эстетикалық қуаты зор, кереметі деп таныған. Құстар әнінің білгірі И.Шамов бұлбұлдың дауысынан тырнаның, шымшықтың және басқалардың даусын кезіктіреді. Бұлбұл өзі ұя салған жердегі құстар дауысын бойына тез сіңіреді екен және соның

ішінен өзіне керегін алып пайдаланып, жетілдірген. Демек құс атаулының ішіндегі ең қабілеттісі әрі полиглоты бұлбұл деген сөз. «Самородок» бұлбұлдар аса шабыттанған жағдайда сағатына 300-ге жуық ән салады екен. Бұдан артық бай фольклор бола ма!? Құстар әні адамзат, адам шабытының қайнар көзі, сезімнің қозғаушы күші. Оның бір мысалы, кей елдерде «Құс қайыру» атты эстрадалық жанр болған. Біздің Қазанғаптың «Құс қайыруын» еске алыңыз. Ағылшындарда жыл сайын «Құстар фестивалі» өтеді. Оның жұмысына ханзада Чарльздің өзі қатысып, сөз сөйлейді. Он жетінші ғасырда өмір сүрген белгілі

музыкант В.Принтц «құстардың әні көптеген композиторлардың ғажайып дүние тудыруына негіз салып бергеніне мен кәміл сенемін» деп жазды. Ол рас. Глинка өмір бойына құстарға табынып өткен. Пәтерінде құстың ондаған түрі болыпты. «Ол құстармен бірге болған сайын өз бөлмесіне оралған соң күйсандықта отырып, ұзақ ойнайтын» деп еске алады композитордың әпкесі. Бірде композитордың өзі әнші Леоноваға «Маған тұтас бір музыкалық фантазия жазу үшін құстың бір ғана түшкіргені жетіп жатыр» деп өз құпиясынан сыр ашады. Әйгілі әнші Нежданова кезекті концертке шығар алдында Мәскеу түбіндегі

орманға барып, бұлбұлдардың дауысын тыңдап қайтуды дағдыға айналдырған. Құстар әніне Чайковскийдің де қатты назары ауған. Қысқасы, құстар әні адамзаттың ең асыл рухани сыйы ретінде бағалы. Халқымыздың өнердегі біртуар тұлғалары да құстар әнінің құдіретін өзгеден жоғары болмаса, кем сезінбеген. Ақан серіге «Көк қаршыға», «Қараторғайды», Ықыласқа «Аққуды», Дәулеткерей, Дина, Кененге «Бұлбұлды», Әшімтайға «Қоңыр қазды», Нұрғисаға «Аққу», «Құстар әнін» жаздырған не құдірет!? Жазушылардың арасында бұл тақырыпқа Тәкен Әлімқұлов барғыштады. Қазір білмедім, ілгеріде Илья Жақановтың үйінде тотықұс болатын. Құс дегеннен шығады, оған деген әуестікті тек шығармашылық адамдары емес,

бұл кісіні өзін өзгеден ерекшелендіру емес, ол тіпті оның өмірімен бөліп-жара алмайтындай біте қайнасып, қанаттандырып, жаман ойлауға, өзін жаман сезінуге мұрша да бермейді. Абай айтқандай, «пендеде бір іс жалығу» дегеннен құтқарады екен. Демек бұл ғылымда дәлелденгендей, ұзақ өмір сүрудің де бір кепілі. Біз білгенде тағы кімнің, қандай дағдысы бар еді? Сәбит Оразбаев өлеңді домбыра шертіп отырып оқиды. Өтежан Нұрғалиев өмір бойы «Мода» журналын жаздырып оқыған. Бәлкім, елден ерекше көрініп, сәнді киініп жүретіні де содан. Асанәлі Әшімұлы кейде қарсыласы әлсіздеу болса, шахмат үстінде де түрлі шаруалармен айналыса береді. Үнемі жанында тұратын күнделігіне ойын түсіріп, қарсыласын күттіріп те қояды.

өлеңдерін төгіліп, тоқтаусыз оқитын болған. Демек өлең оқуды шабытының қозғаушы, қайнар көзіне айналдырған. Қадыр оны бекерге «сахнаның ақыны» деп атады дейсіз бе!? Дағды көп қой. Бір жазушы аяғын шылаушынға салып отырып жазса, енді бірі ескі газет тігінділерін парақтаған. Мен үшін Әбікеннің «Қоңырын» тыңдағаннан кереметі жоқ. Тіпті қаскөй талант Гитлер не істеген десеңші! Оның жеке фотографы Генрих Гофман деген досы болған. Ол фюрердің халық алдында сөз сөйлеуге дайындығын түсіріп отырған. Сонсоң өзі суреттерді мұқият қарап шығатын болған. Ол күлкілі ме, сәтті ме, сәтсіз бе, сын көзімен қараған. Себебі өзі де суретші болған ғой. Кейін кейбір суреттерін жоюға бұйрық бергенімен, оны Гофман түрлі жолмен сақтап қалған.

БЕЛГІЛІ АДАМДАРДЫҢ



қарапайым жандардың да өмірінен кезіктірдік. Бірде «Алматы ақшамында» шаһарда балконында бүркіт ұстайтын қазақ туралы жазып едік. Расында, бөтен дағды ұстану

Әзілхан Нұршайықов басқа жерді айтпағанда автобуста да қойын дәптеріне ойына келгенін түртіп қоюға уақыт тапқан екен. Еуропадағы Шекспирден кейінгі ұлы драматург делінетін Бернард Шоу 62 пьеса жазған адам. Соның басым көпшілігін трамвайда жазыпты. Тахаң – Тахауи Ахтанов: «Қалибек қара сөздің өзін өлеңдетіп оқитын» деуші еді. Райымбек Сейтметов те Шәкен Аймановтың өлеңдетіп сөйлейтінін үнемі айтып отыратын. Өзі де бұл тәсілді көп спектакльде пайдаланып,

талай актерді осы мәнерді алып қалуға тәрбиеледі. Ұлылардың осы ұлы қасиетін ұстап қалды. Бір спектакльдің репетициясына кірісер алдында міндетті түрде ақындардың

Кейінірек «Гитлер менің досым» атты кітабына жариялаған. Айтпағым, кісі бойына Тәңірден берілетін ұлы қасиет, дағдылар өзі дарынды адамның өзгешелігінің де бір кемел көрінісі. Осылайша белгілі адамдардың белгісіз қыр-сырын білуге деген ынтызарлық жылдар бойы жалғасып келе жатыр. Енді әргі-бергіні шолып, аяндап отырып осы жайды баяндауға себепші болған кейіпкерімізге де келіп жеттік. Қазақтың таңғы шықтай мөлдір жазатын ақындарының бірі де бірегейі – Нармахан Бегалыұлы. Ешкімге ұқсамайтын, өз әлемімен ғана өмір сүретін ақынның бір ғажап қырын таяуда білдім. Бұл кісі қанша көз жұмып қарайын десе де прозадан поэзия көреді екен. Тура Тахаң айтқан Қаллеки мектебі. Алты жасынан бастап Ғабит Мүсіреповтің шығармаларын оқыған ол ұлы



Фото: abai.lemi.kz

болса, шіркін» дегені есімде. Содан ас үстінде Қажымұқан туралы шығарған салмағы шамамен бес-алты келі тартатын кітабын тартулады. Осынау қазынаны көкірегіме басып, Алматыға көтеріп келіп, «Ана тілінде» сүйінші сұрап, жарияланым бердік. Нарағаң телефон шалып, тағы бір қауқылдасып қалдық. Содан бері жылдар өтті. Сол бір рухи қауышулар, ілтипатты ұшырасулар кей-кейде еске түсіп, елжіреп алуға зор себепші. Алайда менің зор табысым жылдар бойы тірнектеп жинап, қойын дәптеріме түртіп жүретін белгілі адамдардың белгісіз қырын білуге деген құмарлықтың Нарағаңмен толығы еді. Айтары жоқ, бәрінен де Нарағаның Ғабеңді қапысыз тануы бөлек. Расында, Ғабең прозасының бір ерекшелігі – әуезділігінде, сөзді ойнатуында. Бұл

БЕЛГІСІЗ ҚЫРЛАРЫ

суреткердің прозадағы үлгісін поэзияда ұстанып келеді. Былай айтқанда Ғабеңмен ауырған. «Сөз біткен жерден саз басталады» деуші ме еді Шопен. Міне, сол прозашы Ғабең сөзінен мұның құлағына тек қана саз, ұлы сарын келетіндей жағдайға жеткен. Нарағаң мұндай ойға табан тіреуін былай пайымдайды. «...Прозашылар да ақыннан асырып жазады. Егер ол нағыз талант болса. Ғабит Мүсіреповтың «Темір пештің үстіндегі қара құман шырт-шырт түкіріп қояды» дейтін сөйлемі қандай керемет. Әрі сурет, әрі қайнап жатқан ойды білдіріп тұр. Қара құманның шырт-шырт түкіріп тұрғаны поэзия емес пе? Поэзия. Сол сияқты Оралхан Бөкейдің тіркестері. Ол да қарасөзбен жырлады. Тургеневтің де қарасөзбен жазған жырлары бар. Мен Ахмет Байтұрсынұлының

«Қазақтың бас ақыны» деген мақаласын оқығаннан кейін, өзімнің өлең жазу тәжірибеме бір тәсіл, әдіс енді деп айтуға болады. Мысалы, әр шумақты жазғанда мен қазақтың «Елім-ай» әнінің ырғағына салып, іштей ыңылдайтын болдым («Қазақ әдебиеті», 19.05.2023). Қайсыбір жылы Қазығұрт тауының етегіндегі «Мәңгілік ел» саябағы (белгілі меценат Бекет Тұрғараевтың идеясымен тұрғызылған) атты алып ескерткіштер мен кесенелер кешені бірнеше ескерткіштермен толықты. Соның бірі қилы-қилы заманда халықаралық бәйгелерден ұтып алған алтын, күмісін сатып, Ахмет Байтұрсынұлы түрмеден шығарып алған күш атасы Қажымұқанға арналды. Сол жерден Нарағанды көрдім. Көңілі босап: «мына Бекет үлкен сауап іс жасады. Тұлғалардың өлісін тірілтіп, тірілерін биіктетіп жүретін осындай жігіт бірнешеу

қасиетінің бір құпия жағдайына «Дәулеткерей. Ғабең. Шәміл» атты эссемде едәуір жауап тапқандай болып едім. Нарағаның парықтауындағы Ғабең болмысы сол ойымызды еселеп, құнын арттыра түсті. Жаңа бір туындысына кірісер алдында өзі симфонияға балаған Дәулеткерейдің «Жігерін» ұзақ тыңдайтын сырбаз суреткердің туындысынан неге саз ұшқындамасын. Дегдар Ғабеңнің өлеңдегі үлгісін ұстанған Нарағаңның прозадан поэзия іздеуінің сырына енді ғана біршама қаныққандай халдемін.



Қали СӨРСЕНБАЙ, ҚАЛАМҒЕР

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕҢГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА БОЙЫНША ДӘРІСТЕ ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР, АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА, СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ.

КУРСҚА ҚАТЫСУШЫ РАУШАН ӘДІЛХАНОВА «ПАРАСАТ» ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ КММ ЕҢБЕК НҰСҚАУШЫ-МАМАНЫ ФАРИЗА МАҚСҰТҚЫЗЫНАН СҰХБАТ АЛДЫ.

– Фариза Мақсұтқызы, әлеуметтік салаға келгеніңізге неше жыл болды? Бұл саланы таңдауыңызға не себеп?

– Әлеуметтік салаға келуімнің өзі қызық болды. Ол кезең пандемия кезі еді. Өздеріңіз білесіздер, барлық жерде жұмыс тоқтаған болатын. Мен «Біз сіздермен біргемін» деп аталатын үлкен концерт ұйымдастырушылармен бірге жұмыс істеген едім. Осындай концерттердің бірінде «Парасат» әлеуметтік көмек беру орталығының мәдени қызметкерімен таныстым. Өзім еңбек пәнінің мұғалімі мамандығын меңгергенмін, орталық басшылығы еңбек нұсқаушысы ретінде жұмысқа қабылдады. Алғашында бұл жұмысты екі ай істеп көрейін деп ойладым. Мүмкіндігі шектеулі балалармен алғаш рет жұмыс істегеннен кейін, екі ай аралығында ең алдымен өзімді сынап көрдім. Осы аралықта мен балаларға, олар маған бауыр бастық. Биыл осы салада жұмыс істеп жатқаным үшінші жыл, өзімнің үйретіп жатқан оқушыларым республикалық байқаудан жүлдегер атанды. Жұмысым өзіме ұнайды. Қиындығы да, қызығы да бар.

– Сіз көбінесе аутизмге шалдыққан балалармен



БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен ЖОБАСЫ



БАЛАНЫҢ САУЫҒЫП КЕТУІ АТА-АНАНЫҢ ТӨЗІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ



жұмыс істейсіз. Маман ретінде айтыңызшы, қазіргі кезде аутизмнің көбею себебі неде деп ойлайсыз?

– Мен осы салада үш жыл қызмет еттім. Алғашқы жылдармен салыстырғанда биыл аутизм диагнозы бар балалар өте көп. Дәрігер емеспіз, сондықтан нақты себебін айта алмаймыз. Бізге невропатологтың нұсқаулығымен аутизм диагнозы қойылған балалар

келеді. Аутизмнің бірнеше түрі бар. Жүре келе пайда болатын аутизм бар, 3-5 жастан кейін ем қонбайтын аутизм бар. Негізгі белгісі деп ақыл-ой кемістігін айтамыз. Көбінесе ақыл-ой кемістігі мен аутизм шатастырылады. Ақыл-ой кемістігі бар балалар жеті жасқа дейін маманның көмегімен емделіп кете алады. Ол көбінесе ата-ананың төзімі мен жанкештілігіне байланысты. Ерте жастан баламның

жетіспеушілігі бар деп қабылдап, маманның нұсқауын орындаса, жеңуге болады.

– Белгілі бір ем-дом жүргізу арқылы аутизмнен арылуға болады деп ата-ананы сендіруге бола ма? Өйткені кейбір ата-аналар баласының сауығып кететініне сенбейді.

– Бізге келген әрбір ата-ана білікті мамандарды сұрап жатады. Тәжірибеге сүйеніп айтатын болсақ, баламен көп жұмыс істеуіміз керек. Көбінесе біз баламен жұмыс істеп кетеміз де, ата-ана шетте қалып қояды. Баланың мүмкіндігі шектеулі болғаны, әсіресе, анасына ауыр тиеді. Сол себепті психологтар ата-анамен бірге жұмыс істейді. Маман ретінде біз ата-анаға балаңыз толыққанды жазылып кетеді деп айта алмаймыз. Айтуға да болмайды бізге. Ата-аналар маманның бір күндік жұмысымен таныса алады. Мысалы, дефектологтың жұмысы. Бала белгілі бір түстерді ажырата алса, сол жетістіктері жайлы ата-анасына айтамыз. «Балаңыз бүгін геометриялық фигураларды ажырата алды» деген секілді айта аламыз. Баласындағы өзгерістерді байқаған ата-ана да үміттен бастайды. Біздің міндетіміз – балаға бағыт-бағдар беру. Баланың дүниетанымын кеңейту. Ата-анасын таныған, зейіні бар балалармен жұмыс істеуге болады. Ал егер ата-анасын танымайтын бала болса, біз ол баламен алты ай керек болса, алты ай жұмыс істей береміз. Баланың зейінін ашу үшін қанша уақыт керек болса, сонша уақыт жұмыс істейміз. Жай ғана қызыл түсті үйретудің өзіне бір ай жүруіміз мүмкін. Бала қарындаштардың ішінен мынау қызыл деп ажыратқанша жұмыс тоқтамайды. Қызыл түсті жаттағанша еңбек нұсқаушысы, дефектолог, логопед пен музыка мамандарынан өтеді.

Олардың барлығы қызыл түсті жаттауы үшін жұмыс істейді. Ата-аналар бізден «неге сіздер бір сабақты қайталап өте бересіздер» деп ренжиді. Біздің бір ай жүріп үйреткен түсімізді, келесі айда бала шатастыруы мүмкін. Толыққанды қызыл деген түсті миына сіңіргенше біз сол нәрсені өтеміз.



– Бізде әлеуметтік қызмет көрсету саласында әр мамандықтың иегерлері жүргенін айттыңыз. Әлеуметтік сала мамандары қандай болуы керек?

– Біздің елімізде 3-4 жылдан бері әлеуметтік қызметкер деген мамандық оқытылып, диплом беріліп жатыр. Біздің орталықта баланы үйінде оқытатын мұғалімдер бар. Олардың мамандығы болса да, балаларды көрген, зерттеген.

Кейбір мамандар әлеуметтік қызметкер ретінде тіркелгенімен, тиісті жұмысын көрсетпеуі мүмкін. Сондықтан арнайы мамандардың дайындалып жатқаны қуантады. Өйткені бұл салаға жанашыр, нағыз мамандар керек.

– Жұмысыңыз өзіңізге ұнай ма? Ұнаса, несімен, толық түсіндіріп берсеңіз?

– Негізі бала күнгі арманым журналист болу еді. Денсаулығым байланысты журналистикаға түсіп тұрған жерімнен, басқа саланы таңдауға тура келді. Тігінші-дизайнер мамандығын тәмамдадым. Шымкентте көру қабілетінен айырылған үш баладан құрылған «Сәт» триосымен бірге жұмыс істедім. Алматыға келгеннен кейін де мәдениет саласында қызметімді бастадым.

Осылайша карантинге дейін «Біз сіздермен біргеміз» қайырымдылық концертінің ұйымдастырушысы ретінде жұмыс істеп, Республика сарайында бірнеше рет концерт ұйымдастырдық. Қазіргі жұмысым өзіме ұнайды. Балаларымның да нәтижесі жаман емес. Маған алғаш келген балалардың жасы қазір үшке келді. Кейде бір себептермен жұмысқа бармай қалсам, ата-аналардың өзі хабарласып іздей бастайды.

Баланың денсаулығындағы кінәратты ерте кезден анықтау керек. Мысалы, шетелде Даун синдромы ерте жүктілік кезінде қойылып, оған ем-дом бала туылған сәттен бастап жасалады. Біздің елімізге де шетелдің озық тәжірибелері керек. Баладағы аутизм белгілері 3 жастан асқанда білінеді. Оған дейін кейбір балаларда білінбеуі де мүмкін.

– Әлеуметтің сала маманы болу оңай емес. Айлықтарыңыз қалай, өздеріңізге жеткілікті ме?

– Бұл сала мамандарының айлығы аз дер едім. Мен биыл ғана Президент Жолдауында әлеуметтік сала мамандарының айлығын көтеру керек дегенін естідім. Сондықтан биыл бұл салаға да назар аударылады деген үміттемін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Раушан ӘДІЛХАНОВА,

Алматы

СӨЗТҮЗЕР



ЖАПАТАРМАҒАЙ

МЫСАЛ:

... адамдар
жапатармағай
ұмтылады.

Емле қатесі
жіберілген. Бұл –
«тұс-тұстан
ентелей, анталай,
киліге; жаппай,
бәрі бірдей»
деген сияқты
мағыналық
сипаты бар
қос сөз ретінде
танылған бірлік.
Екі сыңарының



мағынасы да
көмескіленген:
жапа және
тармағай деген
көне сөздерден
құралады.

ДҰРЫСЫ:

...жапа-тармағай
ұмтылды.

«СӨЗТҮЗЕР».

Қате қолданыстар
сөздігінен

Қазақстанда
30 ЖЫЛ

Табысты серіктестікке 30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап "Шеврон" прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды.

Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды.

Бүгінгі таңда "Шеврон" Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде.

Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында

the
human
energy
company®



Бас редактор —
директор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА

Бас редактордың
орынбасары

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші

Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-кабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)